

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық қызметкерлерін өкілдік киім-кешекпен жабдықтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 21 шілде 1993 ж. N 634. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық қызметкерлерінің жұмыс ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының дипломатиялық шені бар қызметкерлеріне өкілдік киім-кешегінің құнына 3,44 лауазымдық жалақы мөлшерінде жыл сайын ақшалай өтем жасалсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісуі бойынша Сыртқы істер министрлігі қызметкерлерін өкілдік киім-кешекпен жабдықтау туралы Ережені бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған мақсатқа жыл сайын республикалық бюджеттен сом есебімен және шетел валютасында қажетті қаржы бөлінуін қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі